



## ҚОНАЕВТЕ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САЙЛАУ КҮНІ АЯСЫНДА ТАНЫМДЫҚ ЖИЫН ӨТТІ

**2005 жылы Сайлау органдары қауымдастығының бастамасымен бекітілген Дүниежүзілік сайлау күні бүгінде көптеген мемлекеттерде демократиялық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған маңызды күндердің біріне айналды. Бұл дата жыл сайын сайлау құқығы, азаматтық белсенділік пен құқықтық мәдениет тақырыптарын арқау еткен ағартушылық және тәрбиелік іс-шаралар арқылы атап өтеледі.**

Осыған орай Қонаев қалалық Мәдениет үйінде Алматы облыстық аумақтық сайлау комиссиясының ұйымдастыруымен «Заң үстемдігі – әділ және ашық сайлаудың басты кепілі» тақырыбында облыстық деңгейдегі жиын өтті. Басқосуға облыстық және қалалық аумақтық сайлау комиссияларының мүшелері, Қонаев қаласындағы учаскелік сайлау комиссияларының өкілдері, қала тұрғындары, жастар және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Жиынның ашылуында Қонаев қалалық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Нұрлан Тілекұлы сөз сөйлеп, Алматы облысының сайлаушылар саны бойынша республикада Алматы қаласы мен Түркістан облысынан кейінгі үшінші орында тұрғанын атап өтті. Осыған байланысты өңірдегі сайлау жүйесінің жұмысын үйлестіру үлкен жауапкершілікті талап ететінін айтқан ол, облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Мейрамгүл Айтованың басшылығымен атқарылып жатқан жүйелі жұмыстарға тоқталды. Сонымен қатар сайлау жүйесін жетілдіру, азаматтардың сайлау процесіне деген сенімін нығайту және құқықтық сауаттылықты арттыру бағытында аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының рөлі айрықша екенін жеткізді.

Жиында алғашқы болып сөз алған Алматы облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Мейрамгүл Айтова Дүниежүзілік сайлау күнінің мәні мен маңызына кеңінен тоқталды.

– Бұл күн адамдардың назарын сайлау құқығын қамтамасыз етуге, сайлау процестерін жетілдіруге және демократиялық институттарды дамытуға аударуға бағытталған. Дүниежүзілік сайлау күні сайлау туралы білімді кеңейтуге, азаматтардың дауыс беру процесіне қатысуын ынталандыруға және сайлау мәдениетін қалыптастыруға қызмет етеді. Ал сайлау мәдениеті – азаматтардың сайлау процесіне саналы, жауапкершілікпен және заң талаптарын сақтай отырып қатысуы. Бұл – қоғамдағы құқықтық сауаттылықтың, азаматтық белсенділіктің және демократиялық құндылықтардың көрсеткіші, – деді Мейрамгүл Қазбекқызы.

Оның айтуынша, елімізде сайлау жүйесі Конституция мен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға сәйкес жүзеге

асырылады. Соңғы жылдары сайлау процесін жаңғырту мақсатында бірқатар маңызды өзгерістер енгізілген. Атап айтқанда, саяси партияларды тіркеу шегі төрт есеге төмендетіліп, партиялардың өкілді органдарға өту шегі 7 пайыздан 5 пайызға қысқартылды. Ауыл, аудан және қала әкімдерін тікелей сайлау енгізілді, мажоритарлық сайлау жүйесі қайта қолданылды. Сондай-ақ жастар, әйелдер және мүгедектері бар адамдар үшін 30 пайыздық квота белгіленді.

Бұдан бөлек, сайлауды байқау үшін үкіметтік емес ұйымдарды аккредиттеу



тәртібі жетілдіріліп, аумақтық сайлау комиссияларын кәсібилендіру бағытында жұмыстар жүргізілуде. Сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын әлеуметтік желілер мен онлайн-платформалар арқылы жүргізуге мүмкіндік берілген.

– Сайлау жүйесіне деген сенімді арттырудың басты тетігі – ашықтық пен жариялылық. Осы мақсатта сайлау комиссияларының қызметі барынша ашық жүргізіліп, ресми сайттар мен әлеуметтік желілер арқылы халыққа уақтылы әрі толық ақпарат ұсынылады, – деді комиссия төрағасы.

Мейрамгүл Айтованың мәліметінше, облыстық, қалалық және аудандық аумақтық сайлау комиссияларының ресми интернет-ресурстары мен әлеуметтік желідегі парақшаларында барлық деңгейдегі сайлауларға қатысты ақпарат тұрақты түрде жарияланып



Шара соңында қатысушылардың сауалдарына жауап берген Мейрамгүл Айтова Дүниежүзілік сайлау күніне орай сайлау комиссияларының құрамында ұзақ жылдар бойы қызмет атқарып келе жатқан бірқатар азаматтарды Алғыс хатпен марапаттады. Олардың қатарында Мира Абиқенова, Гүлмира Несіпбайқызы, Баян Байбағысова, Бигүл Байсымақова, Айдын Маратұлы, Гүлзат Тағанбайқызы, Анаркүл Алнұрқызы және Әсем Төлөндібайқызы бар.

Жиын қатысушылары мұндай кездесулер азаматтардың сайлау мәдениетін қалыптастыруға және қоғамдағы демократиялық құндылықтарды нығайтуға ықпал ететінін атап өтті.

Назерке ИНАҚЫНОВА

### Индекс 66109,

Жеке жазылушылар үшін:

1 ай ..... 514,29

3 ай ..... 1542,87

6 ай ..... 3085,74

12 ай ..... 6171,48

### Индекс 16109,

Кәсіпорындар мен

ұйымдар үшін:

1 ай ..... 753,82

3 ай ..... 2261,46

6 ай ..... 4522,92

12 ай ..... 9045,84

отырады. Қазіргі таңда облыс көлемінде сайлау процесін бақылау үшін 17 қоғамдық бірлестік аккредиттелген.

Сайлауды бақылауға саяси партиялар мен кандидаттардың сенім білдірілген адамдары да қатыса алады. Жастардың сайлау мәдениетін қалыптастыру мақсатында өңірде «Жас сайлаушылар» клубтарының жұмысы жолға қойылған. Бүгінде облыста 12 аумақтық, 209 округтік және 682 учаскелік сайлау комиссиясы жұмыс істейді. Комиссия мүшелерінің жалпы саны – 5 805 адам.

Жиында сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының облыстық филиалының директоры, Ұлттық құрылтай мүшесі Қазбек Дәутітөлиев сөз сөйлеп, еліміздегі сайлау жүйесінің даму үрдістері мен құқықтық қағидаттарына тоқталды.



# Жаңа Конституция жобасында азаматтың негізгі құқықтары кеңейтіледі

**Қазақстанда жарияланған жаңа Конституция жобасы елдің құқықтық және қоғамдық дамуындағы жаңа кезеңді айқындайтын стратегиялық құжат ретінде ұсынылып отыр. Жоба мемлекеттің басты бағытын сақтай отырып, азамат пен мемлекет арасындағы өзара жауапкершілікті қайта айқындауға, адамның қадір-қасиетін қорғауды күшейтуге және әлеуметтік мемлекеттің нақты міндеттемелерін бекітуге бағытталған.**

Жаңа редакциядағы Конституцияның өзегінде – адам құқығы мен бостандығының мызғымастығы. Құжатта адамның қадір-қасиеті ең жоғары құндылық ретінде танылып, ешкімді азаптауға, қатыгездікке, адамшылыққа жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынасқа ұшыратуға жол берілмейтіні нақты көрсетіледі. Бұл қағида мемлекеттің барлық шешімінде азаматтың құқықтары бірінші кезекте тұруы тиіс екенін білдіреді.

Азаматтың жеке өміріне қол сұқпау, жеке деректерін қорғау, хат-хабар мен электрондық байланыс құпиясын сақтау конституциялық деңгейде бекітіледі. Жеке деректерді жинау, сақтау және пайдалану тек заңда белгіленген негіздерде және азаматтың келісімімен жүзеге асырылуы тиіс. Бұл нормалар цифрлық технологиялар кең тараған қазіргі жағдайда адамның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Құқық қорғау органдары қызметіндегі маңыз-

ды өзгерістердің бірі – ұсталған немесе қамауға алынған әрбір адамға оның құқықтары дереу және түсінікті тілде түсіндірілуі міндеттеледі. Әр азаматтың адвокат көмегіне жүгіну құқығы толық көлемде кепілдендіріліп, адвокатура институтының мәртебесі Конституцияда айқындалады. Бұл сот төрелігінің әділдігін қамтамасыз етуге және азаматтың өзін қорғау мүмкіндігін кеңейтуге арналған.

Сот билігінің тәуелсіздігі күшейтіліп, судьялардың дербестігі мен ауыстырылмау қағидаттары нақтыланады. Істерді ашық және әділ қарау, тараптардың теңдігі, кінәсіздік презумпциясы секілді негізгі ұстанымдар конституциялық деңгейде бекітіледі.

Жаңа Конституция жобасында сөз бостандығы мен ақпарат алу құқығы да сақталады. Цензураға жол берілмейді. Әр азаматтың қоғам үшін маңызды ақпаратқа қол жеткізуі мемлекет тарапынан қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл ашық қоғам құруға бағытталған негізгі қағидалардың бірі.

Әлеуметтік мемлекеттің мазмұны жаңа деңгейде айқындалады. Мемлекет әр азаматтың ең төменгі әлеуметтік стандарттарға қол жеткізуін, сапалы медициналық қызмет алуын, білімге тең мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Әлеуметтік әлжуаз топтарды қорғау – мемлекеттің тікелей жауапкершілігі ретінде көрсетіледі.

Экология мәселесі де Конституция деңгейінде бекітіледі. Әр азаматтың қолайлы қоршаған ортада өмір сүру құқығы танылады. Мемлекет табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, қоршаған ортаны қорғауға және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге міндетті.

Жер және оның қойнауы халыққа тиесілі ұлттық байлық ретінде белгіленеді. Бұл норма елдің жерге қатысты ұстанымының мызғымастығын көрсетеді.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде сақталып, оның мәртебесі Конституцияда айқындалады. Ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтау мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі ретінде көрсетіледі.

Жаңа Конституцияда негізгі заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі қатаңдатылады. Бұдан былай Конституцияға кез келген өзгеріс тек жалпыхалықтық референдум арқылы қабылданады. Бұл Негізгі заңның тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Жаңа Конституция жобасы – Қазақстанның құқықтық мемлекетін нығайтуға, азаматтың құқықтық қорғалуын арттыруға және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге арналған кешенді құжат. Бұл құжат мемлекет пен қоғам арасындағы жаңа сападағы өзара келісімді қалыптастыруға бағытталған.

**Қайрат Төлегенов,**

**«Қапшағай тынысы» ЖШС директоры:**

Жаңа Конституция жобасын еліміздің даму жолындағы маңызды кезеңдердің бірі ретінде бағалауға болады. Бұл құжат жекелеген түзетулермен шектелмей, мемлекеттің құқықтық негіздерін тұтас жаңғыртуды көздейді. Мұның өзі қоғамдағы өзгерістерге, азаматтардың сұранысына берілген нақты жауап деп санаймын.

Жобаға адам құқықтары мен бостандықтарының жоғары құндылық ретінде қойылуы – оның басты ерекшелігі. Өмір сүру құқығын қорғау, әділ сотқа қол жеткізу, заң алдындағы теңдік қағидаттарының күшеюі мемлекет пен азамат арасындағы сенімді нығайта түседі.

Сонымен қатар, билік жүйесін жетілдіру, қоғамның шешім қабылдау үдерістеріне қатысуын кеңейту бағытындағы ұсыныстар да құптарлық. Бұл өзгерістер ел басқаруда ашықтық пен жауапкершілікті арттыруға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, жаңа Конституция жобасы әділетті, құқық үстемдігі орныққан және болашаққа бағдарланған Қазақстанды қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам деп есептеймін.

**Шолпан ҚАРАЕВА**

## Қонаевта жастар есірткіге қарсы күреске бірікті

**Қонаев қаласында жастардың бастамасымен қоғам үшін өзекті мәселе – есірткіге қарсы күреске бағытталған ауқымды профилактикалық акция өтті. «АМАНАТ партиясы» жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының ұйымдастыруымен өткен «Есірткіге жол жоқ» акциясы «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында жүзеге асырылды.**

Іс-шараға Қонаев қаласының белсенді жастары қатысып, зиянды әдеттерге қарсы қоғамда ортақ көзқарас қалыптастыруға өз үлестерін қосты. Акция Алматы облысы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасымен, Қонаев қаласының киберқылмысқа қарсы полициясымен және қала әкімдігімен бірлесе ұйымдастырылды.

Акция барысында ерікті жастар қала аумағын аралап, есірткі заттарын насихаттайтын заңсыз жазбалар мен жарнамаларды анықтап, жою жұмыстарын жүргізді. Мұндай жазбалар көбіне жасырын түрде қаланың түрлі нүктелерінде пайда болатыны белгілі. Сондықтан оларды жою – жастарды есірткіге жетелейтін ақпараттық арналарды шектеудің бір жолы.

Сонымен қатар акция аясында тұрғындармен тікелей байланыс орнатылып, салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығы, есірткі тұтынудың адам денсаулығына, психикасына және болашағына тигізетін ауыр зардаптары жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жастар мен қала тұрғындарына есірткіге байланысты құқықтық жауапкершілік, сондай-ақ интернет алаяқтықтың кең тараған түрлері туралы да ақпарат берілді.

«Заң мен тәртіп» қағидаты шеңберінде арнайы ақпараттық парақшалар таратылып, азаматтарға құқықтық кеңестер ұсынылды. Мұндай форматтағы кездесулер жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және заң талаптарына құрметпен қарауға тәрбиелеуге ықпал етеді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, акцияның басты мақсаты – жастар арасында есірткіге қарсы иммунитет қалыптастыру, қоғамда бұл дертке төзбеушілік көзқарасты нығайту және қауіпсіз орта құруға атсалысу.

«Жастар Рухы» жастар қанаты алдағы уақытта да жастардың белсенді азаматтық ұстанымын күшейтуге, құқықбұзушылықтың алдын алуға және саналы, жауапты қоғам қалыптастыруға бағытталған бастамаларды жүйелі түрде жалғастырмақ.

**Ерлік КЕБЕКБАЙ**

# ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕГЕН



**Қонаев қалалық Қасым Қайсенов атындағы №4 орта мектепте облыстық әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен «Бастауыш білім беруде жасанды интеллект пен ұлттық құндылықтарды ұштастыру» тақырыбында семинар өтті. «Тойдың болғанынан боладысы қызық» демекші, осы сәтті тағатсыздана күткен Гүлмира Амангелді басшылық жасайтын ұжымның бастауыш сынып мұғалімдерінің атсалысуымен мектеп дәлізі жасанып шыға келген. Білім ордасы ғимаратының есігінен төріне дейінгі аралық әсем безендіріліпті. Киіз үйде тоғызқұмалақ ойнаған балалар мен немересі екеуі ұршық иіріп отырған әже, Алаш зиялыларының мүсіні мен олардың қанатты сөздері мен ұлттық құндылыққа негізделген сабаққа қолданылатын көрнекіліктерді аралап көрген барлық ауданнан келген 70-ке жуық бастауыштың ұстаздары таңданыстарын жасыра алмады.**

Маңызды басқосуды ашқан қалалық білім бөлімінің әдіскері Гүлзада Қуанышқызы қатысушыларға шығармашылық табыс, көтеріңкі көңіл күй тілеп, бүгінгі шараның тың ой, жаңа серпін беретініне сенімді екенін жеткізді.

Семинардың ашылу салтанатына жиналған қауымның назарына мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаев туралы көрсетілім ұсынылды. Одан кейін бастауыш сынып оқушыларының заңғар тұлғаның ғибратқа толы өмір жолына арналған жүрекжарды жыл жолдары тыңдалды. Сонымен бірге балалардың көркемдік талғамын дамытып, олардың орындаушылығының сұлулығы мен байсалдылығын тәрбиелеп, жалпы мәдениетін қалыптастыратын, гармоникалық, көркемдік-эстетикалық дамуын қамтамасыз ететін би өнеріне кезек берілді. Бастауыштың шәкірттері саз ырғағымен денелерін икемді де жүйелі қозғалысқа келтіре отырып, «Ақбозат – менің тұлпарым» биін мың бұрала орындап, жұртшылықты тамсандырды. «Жағымды көңіл күй – тиімді оқу ортасының негізі» деген өмірлік қағиданы ұстанған мектеп психологтары Гүлбану Садирова мен Аида Нұрақбаева Күмісбекқызы «Жағымды ой – жарқын өмір» атты шағын тренингі арқылы қонақтардың көңілдеріне қуаныш сыйлап, бойларына серпіліс пен шығармашылық құштарлық дарытқандай әсер қалдырды.



Салтанатты ашылу рәсімінен кейін меймандар «Смарт-сағат» әдісіне сәйкес белгіленген кабинеттердегі ашық сабақтарға кірді. Мектептің бастауыш сынып мұғалімі Ақерке Омардың жаратылыстану пәнінен өткізген «Жер ғаламшарының көрінісі» тақырыбында ашық сабағында оқушылар ғарыштың не екені, оны қалай зерттейтіні, зерттеушінің атауы, аспан денелері және өмір сүруге болатын жалғыз ғарыш денесі жайлы мол мағлұматтарға қанықты. «Серпілген сауал» әдісінде жасанды интеллект арқылы

сұрақтар қойылып, әр дұрыс жауап берген оқушыға жұлдыз берілді. Сабақ соңында ең көп жинаған топ жеңіске жетті. Тақырыпты ашу мақсатында шағын көрініс қойылып, оқушылар қонаққа келген астрономмен бірге жерді зерттеді. Сонымен қатар ана тілінен К.Сатаева, литературное чтениеден Д.Букирова, математикадан Ж. Абулгазинова, әдебиеттік оқудан Г. Илесебаева өткізген ашық сабақ өткізді.

Әдебиеттен ашық сабаққа қатысқан Жамбыл ауданы Қайназар ауылындағы №1 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Рехангүл Касимова балалардың белсенділігін ерекше атап өтіп, семинардың жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын, өзіне ұнағанын, керемет әсер алғанын тілге тиек етті.

– Кеген ауданы Қарабұлақ орта мектебінен іс-тәжірибе алу үшін жол алыстығына қарамай келіп отырмыз. Өйткені өскелең ұрпақтың қалыптасуында күш алдымен бастауыш сынып мұғалімдеріне түседі. Сондықтан бастауыштың ұстаздарының кәсіби шеберлігін арттыру, біліктілігін көтеріп отыру маңызды. Жасанды интеллект білім саласына да енгендіктен күнделікті сабаққа қолдануымыз керек. Соны меңгеріп, сол арқылы балаларға білім беру үшін осы семинарға келдік. Семинарда Қасым Қайсенов атындағы №4 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімдері өткізген көрмені тамашалап, ашық сабақтар мен тәжірибелік алаңдарға қатыстық. Нәтижесінде уақыт талабына сай цифрлық технология мен жасанды интеллектіні ұлттық құндылықтармен ұштастыру-

дың тиімді жолдарын талқылап, біраз нәрсе үйрендік. Алған тәжірибені өз мектебіме апарып қолдануға ниет етіп отырмын. Семинарға келгеніме өкінбеймін, – деді Назира Аңламасова.

Ашық сабақтар аяқталған соң қатысушылар «Ұлттық ою-өрнектер нақышы» әдісі арқылы топтарға бөлініп, тәжірибелік алаңда ұйымдастырылған квест, мастер-класс және тренинг жұмыстарына қатысты. Осы орайда Гүлбақыт Әшірбайқызы мен Толқын Жұманәліқызы ұйымдастырған «Ұлттық құндылық – заманауи сабақтың өзегі» квест ойыны келген меймандардың көңілінен шықты десек, ақиқаттың ауылынан алыстай қоймаспыз. Мақсаты – бастауыш сыныпта ұлттық құндылықтарды сабақ мазмұнына терең кіріктірудің тиімді жолдарын көрсету, ұлттық ойын, психологиялық әдістер, квест және топтық жұмыс арқылы мұғалімдердің тәжірибелік дағдыларын дамыту. Бұл шараға қатысқан қонақтар ұлттық құндылықтарды сабақта ойын арқылы тиімді қолдану тәсілдерін меңгеріп, пән мазмұнын ұлттық дүниетаныммен байланыстырудың нақты үлгілеріне көз жеткізіп, жасанды интеллектті сабақ жоспарлауда қолданудың дайын идеяларына ие болды. Қатысушылар үш топқа бөлініп, сабақта өздері қолданып жүрген жасанды интеллект құралдарының көмегімен ойын мен тапсырма құрастырып, әр топ жасанды интеллект арқылы әзірленген тапсырманы таныстырып, қорғап көрсетті. Онда қамтылған ұлттық құндылықтарды атап өтті. Мұнда отбасын құрметтеу, үлкенді сыйлау, бірлік құндылықтары қамтылған. Қатысушы мұғалімдер жаңа технология балаларды тәрбиеден алыстады деген күмәнді сейілітіп, жасанды интеллектіні білім алушылардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыру үшін қолдана алатындарына көз жеткізді.

Іс-шараның жабылу рәсімінде мектеп оркестрі Құрманғазының «Адай» күйі орындап, бастауыш сынып оқушылары қазақ халқының дара тұлғасы, мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлының ғибратқа толы өмірінен сахналық қойылым қойды. Содан кейін оқушылар қатысушыларға Д. Қонаев туралы кітапша таратты.

11 «Ә» сынып оқушысы Нұржолы Несібелі ән-жырдан шашу шашып, маңызды шараның көрігін қыздыра түсті.

Семинар жұмысының қорытындысында қалалық білім бөлімінің әдіскері Гүлзада Қуанышқызы секциялық жұмыстардың нәтижелері бойынша тұжырымды пікір білдірсе, мектеп директоры Гүлмира Несіпбайқызы сапалы білімнің іргетасы бастауыш сыныпта қаланатынын, тұлғаның қалыптасуы бастауыш сынып мұғаліміне байланысты болатынын, сондықтан олардың еңбегінің зор екенін баса айтты. Оқу-тәрбие барысында жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту бастауыштың мұғалімдеріне жүктеліп отырғанын тілге тиек етіп, маңызы зор семинарда өзекті мәселерді талқылап, өз білімдерін тереңдетіп, тәжірибе алмасып, «қоржындарын» толықтырған қатысушыларға алғыс айтып, өз аудандарына аман-сен жетулеріне тілектестік білдірді. Сонымен бірге әр ауданнан келген мұғалімдер сөз алып, жасанды интеллект арқылы орындалған әрбір тапсырма оқушының ұлттық дүниетанымын кеңейтуге қызмет ететінін тағы қырымен танысқандарына қуанышты екенін айтып, семинарда көрген-білген жаңа әдіс-тәсілдердің өте ұнағанын әрі шабыттандырғанын жасырмады.

**Мөлдір БЕКМУРЗАЕВА,**

Қасым Қайсенов атындағы №4 орта мектеп директорының әдістеме ісі жөніндегі орынбасары



# Қауіпті өндірістік нысандардағы қауіпсіздік талаптары күшейтіледі



**Өнеркәсіп пен газ шаруашылығы – ел экономикасының тірегі саналатын стратегиялық салалар. Алайда бұл бағыттардағы кез келген немқұрайлылық ауыр салдарға әкелуі мүмкін. Сондықтан мемлекет қауіпті өндірістік нысандардағы қауіпсіздікті күшейтуге басымдық беріп отыр. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда өнеркәсіптік және газ қауіпсіздігі саласындағы талаптар едәуір қатаңдайды. Бұл туралы баспасөз мәслихатында ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік басқармасының басшысы Ринат Рахимбулеков мәлімдеді.**

Спикердің айтуынша, енгізілетін өзгерістердің негізгі мақсаты – қауіпті өндірістік нысандарда орын алуы мүмкін оқиғалар мен төтенше жағдайлардың алдын алу, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығын барынша қорғау.

## Өндірістік бақылау – міндетті талап

Заңдағы ең маңызды жаңашылдықтардың бірі – қауіпті өндірістік объектілері бар барлық ұйымдарда өндірістік бақылау қызметін құрудың міндеттелуі. Бұдан былай бұл қызмет ұйым басшысына тікелей бағынып, жеке құрылымдық бөлімше ретінде жұмыс істейді.

– Өндірістік бақылау қызметінің басты міндеті – қауіпті өндірістік объектілерде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының қатаң сақталуын тұрақты түрде қадағалау. Бұл – профилактикалық жұмысты күшейтуге және тәуекелдерді ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді, – деді Ринат Рахимбулеков.

Сонымен қатар 2026 жылдан бастап өндірістік бақылау қызметі еңбек қорғау және қауіпсіздік қызметінен бөлек құрылым ретінде жұмыс істейді. Бұған дейін аталған функциялар көбіне бір бөлімшенің аясында жүзеге асырылып келген.

Мамандардың пікірінше, бұл өзгеріс жауапкершілікті нақты бөлуге және әр бағыттағы бақылаудың сапасын арттыруға жол ашады.

## Газ саласындағы өзгерістер

Газ қауіпсіздігіне қатысты да бірқатар маңызды талаптар енгізіледі. Бұрын газ тұтыну және газ тарату жүйелеріне техникалық қызмет көрсетумен әртүрлі мекемелер айналыса алса, енді бұл жұмыстарды тек өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында тиісті аттестаты бар ұйымдар ғана атқарады.

– Бұл талап газ саласындағы авариялық жағдайлардың алдын алу үшін қажет. Яғни жүйелерге қызмет көрсететін ұйымдардың кәсіби деңгейі мен жауапкершілігі заңмен нақты бекітіледі, – деп атап өтті басқарма басшысы.

## Инспекторлардың өкілеттігі кеңейтіледі

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жедел ықпал ету шаралары да қарастырылған. Егер тексеріс барысында адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төнетіні анықталса, мемлекеттік инспекторлар қауіпті өндірістік объектінің немесе жекелеген техникалық құрылғылардың жұмысын уақытша тоқтата тұруға құқылы болады.

Бұл норма қауіпті жағдайды ушықтырмай, дер кезінде алдын алуға мүмкіндік береді.

## Тәуекелге негізделген бақылау

Тексеру жұмыстары бұрынғыдай жаппай емес, объектінің қауіп-қатер деңгейіне қарай жүргізіледі. Жоғары қауіп-қатер санатына жататын өндірістік нысандарға мемлекеттік бақылау күшейтіледі, ал тәуекелі төмен объектілерге қатысты тексерістер оңтайландырылады.

Мамандардың айтуынша, мұндай тәсіл бақылау ресурстарын тиімді пайдалануға және шын мәнінде қауіпті учаскелерге басымдық беруге мүмкіндік береді.

Жаңа талаптар – қосымша жүктеме емес, ең алдымен адам өмірін сақтауға бағытталған нақты қадам. Қауіпті өндірістік нысандардағы тәртіп пен жауапкершілік күшейген сайын, төтенше жағдайлардың саны азайып, өндірістегі қауіпсіздік мәдениеті қалыптасды. Ал бұл өз кезегінде жұмысшылар үшін де, тұтас қоғам үшін де маңызды.

**Шолпан ҚАРАЕВА**

# Мәжіліс депутаты Қонаевта жастармен ашық диалог жүргізді

Облысқа жұмыс сапары аясында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ауыл» фракциясының мүшесі Қарақат Абден Қонаев қаласында болып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму барысымен танысты.

Сапар барысында халық қалаулысы облыстық әкімдікте болып, Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан Alatau City жобасының макетін көрді. Кездесу кезінде болашақ қаланың даму тұжырымдамасы, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды кезең-кезеңімен қалыптастыру, тұрғын үй құрылысы, көлік-логисти-

калық жүйені дамыту, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешенді қолдау бағыттары жан-жақты талқыланды.

Жобаның негізгі басымдықтары ретінде халыққа қолайлы әрі қауіпсіз өмір сүру ортасын қалыптастыру, заманауи технологияларды енгізу және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелері атап өтілді. Сонымен қатар инвесторлар мен жеке кәсіпкерлерге ұсынылатын қолдау шаралары, оның ішінде салықтық жеңілдіктер, инфрақұрылымға қолжетімділік, жер телімдерін бөлу және мемлекеттік қолдау тетіктері жөнінде де сөз қозғалды.

Иссапар аясындағы маңызды кездесулердің бірі



– депутаттың қала жастарымен жүздесуі болды. Ашық әрі еркін форматта өткен басқосуда білім алу, жұмыспен қамтылу, ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті дамыту мүмкіндіктері секілді өзекті тақырыптар кеңінен талқыланды. Жастар өздерін толғандырып сауалдарын қойып, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Қарақат Абден мемлекет тарапынан жастарды қолдауға бағытталған бағдарламаларға тоқталып, олардың тиімді іске асырылуының маңызын атап өтті. Сондай-ақ ауыл жастарына мемлекеттік бағдарламалар мен мүмкіндіктер туралы ақпараттың дер кезінде жетпеуі өзекті мәселе болып отырғанын тілге тиек етті.

Кездесу соңында партияның жастар қанатына жаңадан қабылданған мүшелерге партиялық билеттер табысталып, жастарды қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуға шақыру бағытында нақты ой-пікірлер айтылды.

**Ерлік КЕБЕКБАЙ**



# Ардагерлер тең шарттарда емделеді

**Алматыдағы "Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне арналған республикалық клиникалық госпиталь" Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектерінің, интернационалист жауынгерлердің, Чернобыль атом станциясындағы апатқа қатысушылар мен Семей ядролық сынағынан зардап шеккен ардагерлері емделетін орталық саналады.**

**Ардагерлерге көрсетілетін медициналық қызмет түрлері жайында госпиталь директоры Гауһар Тазабекқызы ЖҰМАСЕЙТОВАҒА жолығып, ардагерлердің көкейкесті сауалдарын алдыға тосқан едік.**

## – Гауһар Тазабекқызы госпитальдың басты мақсатына не жатады?

– Ең бастысы ардагерлерге сапалы медициналық көмек көрсету, олардың денсаулығын қалпына келтіру. Мұнда әрбір пациент ерекше қамқорлыққа ие, өзіне жылы қабақ танытып, мейірім нұрын төгетінін, ерекше құрмет көрсетілетінін сезінеді. Білікті дәрігерлер мен мейірбикелердің күш-жігері тек ауруларды емдеумен ғана шектелмейді, олар ардагерлердің психологиялық ахуалын сақтап, рухани қолдау көрсетуге де зор мән береді.

Бұл мекеменің тағы бір ерекшелігі – ардагерлерге арнайы реабилитациялық көмек көрсету. Реабилитация бөлімінде соңғы әдістер мен заманауи құралдар қолданылып, ардагерлердің физикалық жағдайы қалпына келтіріліп, өмір сапасы жақсарады.

Тәулік бойғы стационар жағдайында терапиялық бөлімше, неврологиялық бөлімше, көп бейінді оңалту бөлімшесі, көп бейінді ақылы бөлімше, сондай-ақ күндізгі стационар жұмыс істейді.

## – Емделушілерге қандай медициналық қызмет түрлері көрсетіледі?

– Жарғыға сәйкес госпиталь Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша оларға теңестірілген адамдарға, иондаушы сәулеленуге ұшыраған адамдарға және Семей ядролық сынақ полигонының қызметінен зардап шеккендерге консультациялық, диагностикалық және оңалту көмегін қоса алғанда стационарлық көмек көрсететін денсаулық ұйымы болып табылады.

## – Жеңілдіктер мен кепілдіктерді кімдер пайдалана алады?

– Госпиталь жарғылық қызмет шеңберінде Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша оларға теңестірілген адамдарға, басқа мемлекеттер аумағындағы жауынгерлік іс-қимыл ардагерлеріне, Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысқан адамдарға және "Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылы 18 желтоқсандағы №1787-ХІІ Заңына сәйкес көрсетіледі.

Контингент пациенттері, Жарғыға сәйкес госпитальда тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде, контингенттің бір немесе басқа санатына ешқандай артықшылықтар бермей, тең шарттарда емделеді.

## – Госпиталь жағдайында оңалтудың қандай түрлері қолжетімді?

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы №ҚР-ЖСМ-27 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

Оңалту бейініндегі пациенттер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі №65 бұйрығымен бекітілген Медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес госпитальда кемінде 14 күн стационарлық ем алады. Бұл пациенттерге миокард инфарктісіне, ми инфарктіне шалдыққан, жүрекке, миға, омыртқаға, сондай-ақ тізе, жамбас буындарды ауыстыру операциясын жасатқан адамдар жатады.

Госпитальдың пациенттерді емдеу және оңалту үшін маңызды базасы бар. Оның ішінде бассейні бар жеке ғимарат, дәстүрлі физиотерапиядан басқа пациенттерге емдік жүзу, омыртқаны су астында созу, сумен емдеу, емдік дене шынықтыру, фитотерапия, гидроколонотерапия, "Андроган" аппаратымен емдеу, ине рефлексотерапиясы сияқты қызметтердің кең спектрін қосымша ұсынады. Емдеудің бұл түрлері дәстүрлі терапияны толықтырады, оңалтуды жеделдетеді, болжамды жақсартады, пациенттердің өмір сүру сапасын арттырады.

## – Жолдама бағыттары туралы карталар қалай бөлінеді?

– Оны бөлу "Қазақстан Республикасы халқы денсаулығы және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі" статистикалық анықтамалығының деректері негізінде пропорционалды түрде жүргізіледі. Қазіргі уақытта бағыттар карталарын ұлғайту мүмкіндіктері жоқ.

## – Семей ядролық полигонына қатысты жыл сайын қанша адам ем алып жүр?

– Мәселен, 2024 жылы госпитальда 4551 адам емделді. Жыл сайын ядро-



лық сынақ полигонынан зардап шеккендерден орташа есеппен 2000-ға жуық контингент емделеді.

## – 2025 жылы госпитальда "денеге негізделген терапия" кабинеті ашылды деп естиміз. Бұл кабинет емделушілерге қандай қызмет түрін көрсетеді?

– Денеге бағытталған психотерапия бұл госпитальдағы медициналық көмектің жаңа бағыты. Госпиталь маманы пациенттің дене арқылы психологиялық және эмоционалдық мәселелерімен жұмыс істейді. Оны ішкі қақтығыстарды, жарақаттарды және шиеленістерді түсіну және шешудің негізгі құралы ретінде пайдаланады.

Деген бағытталған психотерапия барлық тәжірибелер, әсіресе жағымсыз тәжірибелер денеде бұлшық ет тырысуы түрінде тіркеледі "идеяға" негізделген. Олармен жұмыс істеу кезінде тыныс алу, қозғалыс, массаж арқылы басылған эмоцияларды босатуға, мазасыздықты азайтуға және психика мен дене арасындағы байланысты жақсартуға көмектеседі.

## – Госпитальда емделу үшін жолдаманы қалай алуға болады?

– Емделуші жоспарлы түрде "Жоспарлы нысанда стационарлық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсетілетін аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-258/2020 бұйрығы бойынша, бастапқы медициналық-санитарлық көмек немесе денсаулық сақтау ұйымының мамандардың жолдамасы бойынша

науқас белгілі жоспарланған күнге сәйкес ауруханаға жатқызылады.

Оған дейін госпитальға науқастың амбулаторлық (стационарлық) картасынан толық үзінді көшірме жіберіледі. Госпитальдан оң жауап алғаннан кейін, пациент стационарлық емдеуге жіберілуі мүмкін. Алдын ала рұқсатсыз науқас емделуге қабылданбайды. Науқаста жолдама картасынан басқа Қазақстан Республикасындағы стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартының 3-қосымшасы №001-3/у нысандағы "Ауруханаға жатқызуға жолдама" міндетті түрде болуы керек.

## – Госпитальда мәдени іс-шаралар өткізіле ме?

– Госпиталь дені сау адамдарға жайлы тұру және тамақтандыруды қамтамасыз ететін демалыс немесе туристік мекеме емес. Госпиталь жоғары айтқан стандартқа сәйкес тәулік бойы стационар жағдайында медициналық көмек көрсетуді жүзеге асыратын медициналық ұйым болып табылады.

Госпитальда ішкі тәртіп ережесі бекітілген. Онымен госпитальдың барлық пациенттері емделуге келген кезінде жазбаша түрде таныстырылады. Бұл ретте Стандартта және Қағидаларда госпитальда емделу кезінде госпиталь пациенттері үшін мәдени ойын-сауық шараларын, қала бойынша экскурсиялар жасау, мұражайларға бару, тағы басқа да шараларды өткізу көзделмеген.

## – Әңгімеңізге рахмет!

**Әңгімелескен  
Зарыққан  
ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ**

# 2026 ЖЫЛДАН БАСТАП ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАНДАР ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

**Қазақстанда соңғы жылдары өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың қызметін құқықтық тұрғыда реттеу бағытында жүйелі қадамдар жасалып келеді. Мемлекет көлеңкелі экономиканы азайтуға және азаматтарды әлеуметтік қорғау жүйесіне тартуға басымдық бере отырып, бір жағынан кәсіпкерлік қызметті міндетті тіркеу талаптарын күшейтсе, екінші жағынан жалдамалы жұмысшысы жоқ, жеке еңбегімен табыс табатын азаматтар үшін жеңілдетілген әрі түсінікті тетік ұсынды. Соның нәтижесінде 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнайы салық режимі қолданысқа енгізілді.**

## 2025 ЖЫЛДАН БАСТАП ҚАНДАЙ ТАЛАПТАР КҮШЕЙТІЛДІ

2025 жылғы 15 қыркүйектен бастап күшіне енген өзгерістерге сәйкес, егер жеке тұлға жалдамалы қызметкерлерді тұрақты негізде пайдаланса немесе жеке кәсіпкерлік қызметтен түсетін жылдық табысы 360 айлық есептік көрсеткіштен асса, ол міндетті түрде жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеуден өтуі тиіс. Бұл норма өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар мен нақты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырып жүрген тұлғалардың аражігін айқындауға бағытталған.

Яғни жеке еңбегімен ғана жұмыс істеп, қызметкер ұстамайтын азаматтарға 2026 жылдан бастап жаңа арнайы режимді қолдануға мүмкіндік берілсе, қызмет ауқымы кеңейіп, табысы өсіп, жұмыс күші пайда болған жағдайда жеке кәсіпкер ретінде тіркелу міндеті туындайды.

## 2026 ЖЫЛҒЫ ЖАҢА РЕЖИМНІҢ МӘНІ НЕДЕ

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнайы салық режимі жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген, жалдамалы қызметкері жоқ және табысын тек жеке еңбегі арқылы табатын азаматтарға арналған.

Аталған режимді қолдану үшін азаматтың қызмет түрі Үкімет бекіткен тізбеге енгізілуі тиіс. Сонымен қатар ай сайынғы табыс көлемі 300 айлық есептік көрсеткіштен аспауы қажет. 2026 жылы бір АЕК мөлшері 4 325 теңге болып белгіленгенін ескерсек, айлық шекті табыс шамамен 1,3 миллион теңгені құрайды.

## САЛЫҚ ЖҮКТЕМЕСІ ҚАНДАЙ

Жаңа режимнің басты артықшылығы – жеке табыс салығының нөлдік мөлшерлемесі. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар жеке табыс салығын төлемейді, тек табысының 4 пайызы мөлшерінде әлеуметтік төлемдер аударады. Бұл қаражаттың құрамына міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру төлемдері кіреді. Сонымен қатар аталған режимде жұмыс істейтін азаматтардан салықтық есептілік тапсыру талап етілмейді.

## ҚАЛАЙ ЗАҢДАСТЫРУҒА БОЛАДЫ

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтың қызметін заңдастыру процесі e-Salyq Business



мобильді қосымшасы арқылы жүзеге асырылады. Азамат қосымшаны жүктеп, әрбір алған табысына электронды чек қалыптастырады. Дәл осы алғашқы чек қалыптастырылған сәттен бастап азамат жаңа арнайы режимді қолданушы болып есептеледі. Қосымша өтініш немесе хабарлама тапсырудың қажеті жоқ.

Чек қалыптастыру тәртібі қарапайым: қосымшаға кіріп, қызмет немесе жұмыс түрін таңдап, соманы енгізіп, растау батырмасын басу жеткілікті. Осыдан кейін табыс автоматты түрде тіркеледі.

Маңыздысы – әрбір алынған төлемге чек қалыптастыру қажет. Чек жасалмаған табыс ресми есепке алынбайды.

## ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ

Ай соңында алынған табыс көлеміне қарай 4 пайыздық әлеуметтік төлем сомасы автоматты түрде есептеледі. Төлемдерді банк қосымшасы арқылы немесе қосымшада көрсетілген реквизиттер бойынша аударуға болады.

Төлемдер уақытылы жүргізілген жағдайда азамат міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандырылған болып есептеледі, зейнетақы жинақтары қалыптасады және әлеуметтік тәуекелдер кезінде заң аясында қорғауға ие болады.

## БАНКТІК АУДАРЫМДАР АРҚЫЛЫ ТАБЫС АЛУ

Қазіргі таңда азаматтардың басым бөлігі төлемді банк аударымдары арқылы қабылдайды. Мұндай жағдайда әрбір түскен сомаға чек қалыптастырылуы тиіс. Чек болған кезде банк аударымы табыс ретінде заңды түрде расталады және азамат қажет болған жағдайда өз табысын ресми дәлелдей алады.

## ПЛАТФОРМАЛАР АРҚЫЛЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІНДЕРГЕ

Такси, жеткізу, сервистік агрегаторлар секілді цифрлық платформалар арқылы жұмыс істейтін азаматтар кейбір жағдайда әлеуметтік төлемдерді платформа операторы арқылы төлей алады. Дегенмен әр азамат өзі пайдаланатын платформаның бұл міндеттемені атқаратынын нақтылап алғаны жөн. Егер платформа төлемдерді ұстамаса, азамат оларды өз бетінше аударуы тиіс.

## ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Мемлекеттік кірістер органдарының мәліметінше, 2026 жылғы 1 наурыздан бастап 2025 жылы патент режимін немесе мобильді қосымшаны қолдану арқылы арнайы режимді пайдаланған және жаңа талаптарға сәйкес келетін азаматтар жеке кәсіпкер ретінде есептен автоматты түрде шығарылып, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар режиміне көшіріледі.

## НЕНІ ЕСКЕРУ ҚАЖЕТ

Егер өзін-өзі жұмыспен қамтыған азамат жалдамалы қызметкер ала бастаса, табысы белгіленген шектен асса немесе қызмет түрі бекітілген тізбеге кірмесе, ол жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, тиісті салық режимін таңдауы тиіс.

Мемлекет ұсынған жаңа модель азаматтарға өз қызметін заңдастырып қана қоймай, біртіндеп кәсіби және кәсіпкерлік тұрғыда өсуіне мүмкіндік беретін тиімді баспалдақ ретінде қарастырылып отыр.

# Балалар ұйымдасқан ұжымдарында биттерден қалай қорғануға болады?

Биттеу (педикулез) — балалар арасында жиі кездесетін паразиттік аурулардың бірі. Ол көбінесе мектептерде, балабақшаларда, интернаттарда және басқа да балалардың ұйымдасқан ұжымдарында таралады. Биттер тікелей қарым-қатынас кезінде немесе жеке заттар арқылы (тарақ, бас киім, сүлгі) жұғады.

Балалар ұжымдарында биттеудің алдын алу үшін жүйелі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау

жүргізу маңызды. Балаларды жоспарлы түрде медициналық тексеруден өткізу, әсіресе оқу жылының басында және каникулдан кейін, ауруды ерте анықтауға мүмкіндік береді.

Жеке бас гигиенасын сақтау — негізгі алдын алу шараларының бірі. Балаларға өз тарағын, бас киімін, резеңке бауын, сүлгісін басқа балалармен бөліспеу қажеттігін түсіндіру керек. Шашты таза ұстау, ұзын шашты жинап жүру бит жұғу қаупін азайтады.

Ұйымдасқан ұжымдарда тазалық режимін сақтау да үлкен рөл атқарады. Төсек-орын, сүлгі, спорттық киімдер уақтылы жуылып, жоғары температурада үтіктелуі тиіс. Бөлмелерді жүйелі түрде желдетіп, ылғалды тазалау жүргізу қажет.

Биттеу анықталған жағдайда науқас баланы уақытша оқшаулап, арнайы педикулезге қарсы құралдармен өңдеу керек. Қарым-қатынаста болған балаларға қосымша тексеру жүргізіледі. Ата-аналарға дер кезінде хабар беріп, үй жағдайында профилактикалық шараларды орындау маңызды.

Қорытындылай келе, балалар ұйымдасқан ұжымдарында биттердің таралуын болдырмау үшін медициналық бақылау, гигиеналық тәрбие, ата-ана мен педагогтардың бірлескен жұмысы қажет. Бұл шаралар балалардың денсаулығын сақтауға және қолайлы санитарлық жағдайды қамтамасыз етуге көмектеседі.

**Н.МЕДЕТОВ, «Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы**

## САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қонаев қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» ММ Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында өтетін Қонаев қаласының коммуналдық меншік нысандарын сату бойынша [www.e-qazupa.kz](http://www.e-qazupa.kz) электрондық сауда-саттықты өткізу туралы хабарлайды.

Қонаев қаласының коммуналдық меншік нысандарын сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысымен бекітілген Жекешелендіру нысанарын сату қағидасына сәйкес жүзеге асырылады (бұдан әрі - Ереже).

2026 жылғы 16 ақпанда Астана қаласының уақыты бойынша сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін өтетін электрондық аукционға (алғашқы сауда-саттыққа) мынадай коммуналдық меншік объектісі (автокөлік) қойылады:

№	Автокөлік маркасы	ГРНЗ	Шығарылған жылы
1	Дөңгелекті экскаватор	192 ABD 05	2008
2	ГАЗ 3307	996 AZ 05	1993

Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады, ол өткеннен кейін қатысушылар берілген өтінімді қайтарып ала алмайды.

Кепілдік жарна бірыңғай оператордың деректемелеріне енгізіледі:

Төлемді алушы: «Ақпараттық-есепке алу орталығы» АҚ; БСН: 050540004455, ТБК: 171; Кбе: 16; «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дағы есеп айырысу шоты (IBAN/ЖСК): KZ946017111000000330; БСК: HSBKZKX.

Төлемді тағайындау: Аукционға қатысу үшін кепілдік жарна (банк қызметіне ақы төлеу кепілдік жарнаның мөлшеріне кірмейді).

Кепілдік жарна мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың деректемелеріне хабарламада белгіленген нысанда және тәртіппен және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес енгізіледі. Кепілдік жарнаны қатысушы не қатысушының атынан кез келген басқа жеке немесе заңды тұлға енгізеді.

Жоба бастамашысы Джунисова Дарикуль Исабековна 13.02.2026ж бастап бес жұмыс күні аралығында «Алматы, Түркісіб ауданы, Қайрат ш/а., Сарыарқа көшесі, 1/2 уч. мекенжайы бойынша халыққа қызмет көрсету үшін ғимарат салу. (сыртқы инженерлік желілерсіз және сметалық құжаттамасыз)» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша <https://ndbecology.gov.kz> сайтында жария талқылаулар өтетіндігін хабарлайды. ҚОҚ бөлімін әзірлеуші «Ecoland» ЖК, ҚР, Павлодар қ., Барнаульская 90, 87773381933. Жобамен <https://ndbecology.gov.kz> сайтында танысып, ескертулер қалдыруға болады.

Ввиду открытия наследства после смерти гражданина ТАРАСОВА ВЛАДИМИРА АЛЕКСАНДРОВИЧА, умершего тринадцатого февраля две тысячи двадцать пятого года, наследникам обращаться к нотариусу Бахтияровой А.С., по адресу: город Қонаев, 4-ый микрорайон, дом 30, справки по телефону 87017887058

1 «Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату» тақырыбына қоғамдық тыңдау  
2. Әсер ету аумағы: Алматы обл., Алатау қ., өнеркәсіптік аймақ, №137/1 «Арна» учаскесі.

3. Қоғамдық талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдаулар 16.02.2026 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде өтеді.

Интернет ресурстары: [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz)

4. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Gedeon Richter KZ» ЖШС

Өкілі: Ким Евгения Викторовна

Байланыс телефоны: 8 747 500 40 30

5. Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі материалдар сайтта орналастырылған: [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) және «Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

6. Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату материалдары бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша білуге болады: Алматы қ., Төле Би к-сі 187, 104 ҚҚ, тел: 8 747 5004030

7. Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады: [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) және электрондық поштаға [gkr\\_proekt@mail.ru](mailto:gkr_proekt@mail.ru)

## ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ТОРГОВ

ГУ «Отдел государственных активов и закупок города Қонаев» сообщает о проведении электронных торгов по продаже объектов коммунальной собственности города Қонаев, которые состоятся на веб-портале Реестра государственного имущества [www.e-qazupa.kz](http://www.e-qazupa.kz).

Продажа объектов коммунальной собственности города Қонаев осуществляется в соответствии с Правилами продажи объектов приватизации, утвержденными постановлением Правительства Республики Казахстан от 9 августа 2011 года № 920 (далее – Правила).

На электронный аукцион (первые торги), который состоится 16 февраля 2026 года с 10:00 до 17:00 часов по времени города Астана выставляются следующий объект коммунальной собственности (автотранспорт):

№	Марка автомашины	ГРНЗ	Год выпуска
1	Колёсный экскаватор	192 ABD 05	2008
2	ГАЗ 3307	996 AZ 05	1993

Регистрация участников торгов производится со дня публикации извещения и заканчивается за два часа до начала аукциона, по истечении которых участники не могут отозвать поданную заявку.

Гарантийный взнос вносится на реквизиты единого оператора:

Получатель платежа: АО «Информационно-учетный центр»; БИН: 050540004455, КНП: 171; Кбе:16; Расчетный счет (IBAN/ИИК) в АО «Народный банк Казахстана»: KZ946017111000000330; БИК: HSBKZKX.

Назначение платежа: Гарантийный взнос для участия в аукционе (в размер гарантийного взноса оплата банковских услуг не входит).

Гарантийный взнос вносится на реквизиты единого оператора в сфере учета государственного имущества в форме и порядке, установленных в извещении, и в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Гарантийный взнос вносится участником либо от имени участника любым другим физическим или юридическим лицом.

Инициатор проекта Джунисова Дарикуль Исабековна сообщает, что с 13.02.2026г в течение пяти рабочих дней на портале <https://ndbecology.gov.kz> будут проводиться публичные обсуждения по разделу «Охрана окружающей среды» к РП «Строительство здания для обслуживания населения по адресу Алматы, р-н Туркисбский, мкр. Кайрат, ул.Сарыарқа, уч. 1/2.» (без наружных инженерных сетей и сметной документации). Разработчик раздела ООС ИП «Ecoland», РК, г.Павлодар, ул.Барнаульская, 90, 87773381933. Ознакомиться с проектом и предоставить замечания можно на сайте <https://ndbecology.gov.kz>

1 Общественные слушания на тему «Утилизация медицинских отходов»

2. Территория воздействия: Алматинская обл., г. Алатау, промышленная зона, участок «Арна» №137/1

3.Общественные слушания в форме публичных обсуждений состоятся в период с 16.02.2026 г. в течении 10-ти рабочих дней.

Интернет ресурсы: [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz)

4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Gedeon Richter KZ»

Представитель: Ким Евгения Викторовна

Контакты: тел.8 747 500 40 30

5.Материалы по утилизации медицинских отходов размещены на сайте: [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) и ГУ «Управление природных ресурсов и регулирование природопользования Алматинской области»

6. Дополнительную информацию по материалам утилизации медицинских отходов можно ознакомиться по адресу и номеру: г. Алматы, ул. Толе Би 187, оф 104, тел: 8 747 5004030

7. Замечания и предложения принимаются: по ссылке [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) и на электронную почту [gkr\\_proekt@mail.ru](mailto:gkr_proekt@mail.ru)

# ГОРОД НАЧИНАЕТСЯ НЕ С ВЫВЕСКИ

**Экология – это не абстрактное понятие и не разовая акция. Это решения, которые либо предотвращают проблемы, либо превращают их в кризисы. Для Конаева, как растущего областного центра, вопрос обращения с отходами сегодня становится определяющим.**



Есть города, которые узнают по архитектуре, по свету улиц, по ощущению порядка. А есть детали, которые не должны становиться первыми ассоциациями. Когда, подъезжая к городу по трассе, особенно в жаркое время года, его начинаешь «узнавать» по резкому запаху, это тревожный знак. Для областного центра – тем более.

Конаев сегодня переживает важный этап развития. Город активно строится, расширяется, формирует новый облик. И именно сейчас закладываются решения, от которых зависит не только внешний вид, но и качество жизни на десятилетия вперёд. Экология – один из таких принципиальных вопросов.

## НЕ УСТРАНЯТЬ ПОСЛЕДСТВИЯ, А ПРЕДОТВРАЩАТЬ ПРОБЛЕМЫ

Экологические проблемы почти никогда не возникают внезапно. Чаще всего они накапливаются годами – из-за отсутствия системных решений и привычки откладывать сложные вопросы «на потом». Когда ситуация выходит из-под контроля, приходится бороться уже с последствиями. Это всегда дороже, сложнее и болезненнее.

Показательный пример – пожар на мусорном полигоне в Алматинской области в 2025 году. Масштабное возгорание, плотный дым, резкое ухудшение показателей качества воздуха. Для тушения были привлечены спасательные подразделения сразу из нескольких областей. Это сотни специалистов, техника, значительные бюджетные расходы и отвлечённые ресурсы, которые могли быть направлены на развитие и безопасность региона.

Этот случай наглядно показал: когда система не работает на предупреждение, город и государство вынуждены платить высокую цену за устранение последствий.

## ЭКОЛОГИЯ – ЭТО УЖЕ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПРИОРИТЕТ

Сегодня вопросы чистоты и экологической ответственности находятся в фокусе государственной политики. По инициативе Президента Касым-Жомарт Токаева в стране реализуется общенациональная экологическая акция «Таза Қазақстан».

Глава государства подчёркивал: «Таза Қазақстан – это не разовая акция, а образ жизни». Это принципиально важный посыл. Он означает, что речь идёт не только о субботниках и разовой уборке территорий, а о формировании устойчивых, повседневных привычек – в том числе в обращении с отходами.

Показательно, что экологическая повестка сегодня закрепляется не только на уровне программ и акций, но и в базовых правовых документах. В проекте новой Конституции Республики Казахстан охрана окружающей среды обозначается как национальный приоритет, а государство берёт на себя обязательство обеспечивать гражданам благоприятную и безопасную среду для жизни. Тем самым экология переходит из сферы пожеланий в сферу конституционной ответственности.

Субботники очищают территории. Но они не меняют систему. Чистота, достигнутая за один день, исчезает, если в повседневной жизни не меняется сам подход к мусору.

## МУСОР – ЭТО ЧАСТЬ ГОРОДСКОЙ ПОЛИТИКИ

Отходы – неизбежная часть жизни любого города. Но именно здесь проходит граница между формальным и ответственным подходом. Можно годами устранять последствия, а можно изменить саму логику обращения с мусором.

Раздельный сбор – ключевой элемент такой логики. Он снижает нагрузку на окружающую среду, уменьшает объёмы отходов, создаёт условия для переработки и возвращения ресурсов в экономику. Это не модный тренд, а инструмент профилактики экологических кризисов.

Особенно наглядно необходимость этих решений проявляется в жаркое время года, когда слабые места старой системы становятся очевидными.

## КАК ЭТО СДЕЛАЛИ ДРУГИЕ – И ПОЧЕМУ ЭТО РАБОТАЕТ

В Германии раздельный сбор отходов стал нормой благодаря простой и понятной инфраструктуре: отдельным контейнерам, чётким правилам и налаженной системе дальнейшей сортировки и переработки. В Южной Корее экологические привычки формировались параллельно с развитием городов – сразу, без отсрочек.

Нигде не ждали, пока «появится культура». Сначала появились условия, затем – ответственность жителей.

## КАЗАХСТАНСКИЙ ОПЫТ: МЫ НЕ НАЧИНАЕМ С НУЛЯ

Раздельный сбор – это не абстрактная теория. В Астана и Алматы уже действуют системы раздельного сбора, сортировки и переработки отходов. Они развиваются, совершенствуются и доказывают главное: такой подход возможен и в наших условиях.

## ПОЧЕМУ КОНАЕВУ ВАЖНО ДЕЙСТВОВАТЬ ИМЕННО СЕЙЧАС

Конаев – областной центр и растущий город. Новые микрорайоны, дворы, школы и общественные пространства дают редкую возможность заложить экологические стандарты сразу, без болезненных переделок в будущем.

Установка специализированных баков для раздельного сбора мусора – это логичное и своевременное решение. Но принципиально важно, чтобы за сбором следовала дальнейшая сортировка и переработка. Только в этом случае усилия жителей будут осмысленными и дадут реальный результат.

Особая роль здесь принадлежит детям. Экологическая культура формируется не через лозунги, а через повседневную практику. Ребёнок, который с детства сортирует мусор, вырастает с другим отношением к городу, стране и окружающей среде.

## ОТВЕТСТВЕННОСТЬ, КОТОРУЮ НЕЛЬЗЯ ОТКЛАДЫВАТЬ

Сегодня очевидно: мы не должны бороться с последствиями – мы обязаны предотвращать их. Экология, чистота и порядок в обращении с отходами – это общая ответственность власти, бизнеса и жителей.

Конаев сегодня стоит перед выбором. Выбором в пользу системных решений, современных подходов и заботы о будущем. Именно так и начинается настоящий город – не с вывески и не с статуса, а с ответственности, принятой вовремя.

Назёрке ИНАҚЫНОВА

МЕНШІК ИЕСІ:  
«ҚАПШАҒАЙ ТЫНЫСЫ» ЖШС

ДИРЕКТОР  
ҚАЙРАТ ТӨЛЕГЕНОВ

БАС РЕДАКТОР  
НАЗЕРКЕ ИНАҚЫНОВА

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ-ДИЗАЙНЕР  
ДӘУЛЕТ ЖОЛДАС

БАС МАМАН: Аян ҚОНАРОВ,  
+7 707 612 68 90

ЗАҢҒЕР: АДАЙБЕК БЕЙМБЕТОВ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:  
ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫ, 3-ШАҒЫН АУДАН  
34 ҮЙ, 040800.

ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТАМЫЗ:  
E-MAIL: NURLIOLKE@MAIL.RU

ГАЗЕТ КӨЛЕМІ  
2 БАСПА ТАБАҚ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ  
ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ  
МИНИСТРЛІГІНДЕ  
2023 ЖЫЛ  
3 АҚПАНДА ҚАЙТА ТІРКЕЛІП,  
№KZ87VPY00064035  
КҮӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

- ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН, КОРЕЙ ТІЛДЕРІНДЕ АПТАСЫНА БІР РЕТ ЖҰМА КҮНІ ШЫҒАДЫ.
- АВТОРЛАРДЫҢ МАҚАЛАЛАРЫ РЕДАКЦИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.
- КЕЙБІР МӘТІНГЕ ҚАТЫСЫ ЖОҚ СУРЕТТЕРГЕ ЖАУАП БЕРІЛМЕЙДІ.
- ГАЗЕТ РЕДАКЦИЯСЫ АВТОРЛАРМЕН ХАТ АЛЫСПАЙДЫ. МАҚАЛАЛАР ӨНДЕЛЕДІ, АВТОРЛАРҒА ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. «НҮРЛЫ ӨЛКЕ» ГАЗЕТІНДЕ ЖАРЫҚ КӨРГЕН МАҚАЛА КӨШІРІЛІП БАСЫЛСА, СІЛТЕМЕ ЖАСАЛУЫ МІНДЕТТІ. ЖАРНАМА МЕН ХАБАРЛАНДЫРУЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН МӘТІНІНЕ ЖАРНАМА БЕРУШІ ЖАУАПТЫ.
- КОМПЬЮТЕРГЕ ТЕРІЛГЕНДЕ 6 БЕТТЕН АСҚАН МАТЕРИАЛ ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ.

ГАЗЕТ «НҮРЛЫ ӨЛКЕ» ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКЦИЯСЫНДА БЕТТЕЛІП, АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ІЛЕ АУДАНЫ ӨТЕГЕН БАТЫР АУЫЛЫ СЕЙФУЛЛИН КӨШЕСІ 2 «В» «ПРИНТ ПЛЮС» ЖШС БАСПАХАНАСЫНДА БАСЫЛЫП ШЫҒАРЫЛДЫ.  
Тел. 8 (727) 251-78-27,  
Осы шығарылымның таралымы – 5135 ДАНА.